

Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ

СӘТБАЕВ
УНИВЕРСИТЕТІ



Ө.А. БАЙҚОҢЫРОВ АТЫНДАҒЫ ТАУ-КЕН
МЕТАЛЛУРГИЯ ИНСТИТУТЫ

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МАШИНАЛАР және
ЖАБДЫҚТАР КАФЕДРАСЫ

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

техн.ғыл.канд.,

ассоц. профессор

К.К. Елемесов

«20» 05 2019ж

ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ
НАО «КазНИТУ им. К.И. Сатпаева»
Горно-металлургический
институт им. О.А. Байконурова

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: «Жер асты кеніштеріне арналған сутөкпе жобасы»

5В072400 – «Технологиялық машиналар және жабдықтар» мамандығы

Орындаған:

Дүйсенбекова Айну́р Илиясқызы

Ғылыми жетекші лектор:

Абдыкалыкова Роза Сатмагамбетовна

Алматы 2019

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А.Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Технологиялық машиналар және жабдықтары кафедрасы

5B072400 – «Технологиялық машиналар және жабдықтар»

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. канд.,

ассоц. профессор

К.К. Елемесов

«09» 10 2018 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Дуйсенбекова Айнур Илияскызы

Тақырыбы Жер асты кеніштеріне арналған сүтөкпе жобасы

Университет басшысының "08" қазан 2018 ж. № 1113-б бұйрығымен

бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «22» мамыр 2019ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Сүтөкпе қондырғысы

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Техникалық бөлімі: Сүтөкпе қондырғысына талдау жасау; негізгі жабдықтарына түсініктеме беру.

б) Есептеу бөлімі және арнайы бөлім: негізгі элементтерінің параметрлері есептелінді; патенттік ізденістер жүргізілді.

в) Еңбек қорғау бөлімі: қауіпсіздік шаралары және еңбек қорғау мәселелерін қарастыру;

Сызба материалдар тізімі (4 парақ сызбалар көрсетілген)

1. Сорптың жалпы көрінісі; 2. Жинақ сызбасы; 3. Бөлшек сызбасы;

4. Патенттік талдау.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 12 атау

АНДАТПА

Технологиялық бөлімде сутөкпе қондырғысының жалпы жұмыс принциптері баяндалған. Кеніштегі сутөкпе қондырғысының көрсеткіштері келтірілген.

Есептеу-жобалау бөлімінде Хромтау кен орнының жағдайы үшін сорғы жұмысының ұтымды параметрлері есептелген және таңдалған.

Дипломдық жобаның арнайы бөлімінде сорғының қызмет ету мерзімін арттыру үшін сорғы жабдығының жұмысын жақсарту жолдары әзірленді.

АННОТАЦИЯ

В технологической части изложены общие принципы работы водоотливной установки. Приведены показатели водоотливной установки на руднике.

В расчетном – проектном разделе рассчитаны и выбраны рациональные параметры работы насоса для условий Хромтауского месторождения.

В специальной части дипломного проекта для увеличения срока службы насоса разработаны пути улучшения работы насосного оборудования.

ANNOTATION

The technological part sets out the General principles of the drainage system. The indicators of the drainage installation at the mine are given.

Rational parameters of the pump operation for the conditions of the Khromtau field are calculated and selected in the design section.

In a special part of the diploma project to increase the life of the pump developed ways to improve the pumping equipment.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	
1	Технологиялық бөлім	6
1.1	Кен орны	6
1.2	Шахталық сутөкпе қондырғы	7
2	Есептік бөлім	10
2.1	Сорғыларды есептеу және таңдау	10
2.2	Сорғы камералары мен су жинағыштардың орналасуы	11
2.3	Құбырдың диаметрін анықтау	12
2.4	Сорғы қондырғысының жұмыс нүктесін желіге анықтау	12
2.5	Сорғылық қондырғының жұмыстық сипаттамасын анықтау	13
2.6	Сутөкпе қондырғысының электр жетегі	14
3	Эксплуатациялық бөлім	16
3.1	Сорғы камерасы	16
3.2	Сорғылардың қызмет көрсету	17
3.3	Ортадан тепкіш сорғыны дұрыс пайдалану	18
3.4	Бұзылудың ең көп таралған себептері	18
3.5	Ортадан тепкіш сорғыларды жөндеу	19
3.6	Кеніш жағдайында майлау шаралары	20
4	Арнайы бөлім	24
4.1	Ортадан тепкіш сорғылардың жұмысының тиімділігін арттыру	24
4.2	Жұмыс доңғалақтарының беттерін гидрофобизациялау негізінде ортадан тепкіш сорғылардың үнемділігін арттыру	25
5	Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі	29
5.1	ҚТ және өндірістік санитария бойынша инженерлік іс-шаралар	29
5.2	Шуды азайту үшін ұсынылады	29
5.3	Жер асты жұмысшыларын оларға зиянды әсерден қорғау үшін	31
	Қорытынды	
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	

КІРІСПЕ

Шахта «Молодежная» кен орындарын өңдеу кезінде жер асты кеніштерінің өндірістік жұмысы кен алаңын құрғатуды қамтамасыз ететін, кеніш сутөкпе жұмысының тиімділігіне байланысты. Кеніш сутөкпе қондырғысы жер астында кен өндірудің маңызды қосалқы процестерінің бірі болып табылады, себебі шахталық суды уақтылы сорып алу кенішті су басуына ғана емес, пайдалы кенді өндірудің өзіндік құнын арттыруға да қауіп төндіреді. Қазіргі уақытта пайдалы қазбаларды өндіруді ұлғайту қажеттілігіне байланысты жер асты кеніштерінің көпшілігі пайдалануға беріліп, қайта жаңартылып жатыр, бұл тау-кен жұмыстары шоғырлануының өсуіне, тау-кен қазбалары ұзындығының артуына, игеру тереңдігіне және тиісінше жер асты тау-кен қазбаларына су ағындарының өзгеруіне әкеп соғады.

Кеніш сутөкпе сорғы станциялары жабдықтарының қалыпты жұмысы үшін жер асты кеніштерінің су жинау ыдыстарын (сутөкпе жыралар, тұндырғыштар, бас су жинағыштар, қабылдау құдықтары мен зумпфтар) механикалық қоспалардан үнемі тазарту қажет және сорғыштарды пайдаланудың сенімділігін арттыру мәселелері өте өзекті болып табылады.

Сондықтан кеніш сорғыларының пайдаланудың тиімділігін арттыру, шахталық суларды сорудың тиімді технологияларын және сорғы жабдықтарының ПӘК-ін арттыру мәселесі өзекті және перспективті болып табылады.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Кен орны

Бұл бөлімде жалпы шахтаның орналасу орны, климаты, инфрақұрылымы жайында айтылады. Хромтау қаласы тау-кен өндірісінің орталықтарының бірі, әрі жан-жақты өндіру әдістерінің қолданылатын аймағы ретінде танымал. «Дон» комбинаты пайдалы қазбаларды, кенді жер бетіне шығарып оны өңдеумен айналысады. Алу әдісі ашық және жабық түрде жүргізіледі. Мұндағы ашық кен жұмысы ол «Дон» кенішінің құрамындағы карьерлер болып табылады. Ал жабық түріне «Молодежная», «ДНК» («Тәуелсіз Қазақстанға 10-жыл») шахталары айналысады.


«Молодежная» кен орны Қазақстан Республикасының батысында Ақтөбе облысының Хромтау қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 17 шақырым қашықтықта орналасқан. Хромтау ауданы географиялық орналасуына байланысты Мұғалжар тауларының бөлігі кіреді. Мұғалжар тауларының солтүстік бөлігі Ор өзені арқылы өтеді. Топографиялық жоспарда төңірек абсолюттік биіктігі 360-440 м дейінгі диапазондағы төбелі жазықтық болып келеді. Беткейлік дренаж жүйесі нашар дамыған және Ор өзенінің су жинау алаңының бір бөлігін құрайтын маусымдық ұсақ жылғалардан тұрады. Өсімдігі негізінен дала шөптері мен аласа бұталар болып келеді. «Молодежная» кенішінде теміржолға шығатын мүмкіндік бар. Ол Ақтөбе мен Қостанай қалаларының арасында, негізінен тас жолда орналасқан Хромтау теміржол станциясымен байланысқан. Хромтау теміржол станциясы Қазақстанның, Ресейдің және басқа бөліктерімен байланысқан басты теміржол жүйесінің бір бөлігі болып табылады. Хром кенімен қатар қорғасының кенденуі де Молодежный кен орнында қиыршықтас тақталарына ұштастырылған және бос қуыстарды толтырған немесе азбесті цемент кен минералдарының орның басып отырады. Кен денелері қиыршық тастар тақталарының жанасу шектерінде қалып отырғандықтан бірнеше қатпаршаларды түзеді. Олардың қалыңдықтары бір метрден бірнеше метрге дейін жетеді. Бай кендердің кедей кендерге және кедей кендердің кен емес қиыршық тастарға өтуі өте тиянақсыз, сондықтан кен денелерінің шектері сыну нәтежелерімен анықталады. Қажетті қосалқы бөлшектер сатып алынып және жұмысқа жарамсыз жағдайда тұрған тау-кен шахта жабдықтары (Sandvik, Atlas Copco жабдықтары) ішінара қалпына келтірілді. Кеніш жұмыстарының маңызды көрсеткіштері: кеніш жұмыстарының жұмыс өнімділігі, кен өндірудің өзіндік құны, өндірудегі жоғалым мен құнарсыздық мөлшері, қайта өңдеудегі жұмсалған жоғалым мөлшері, тау-кен кәсіпорының соңғы өнімнің өзіндік құны мен мөлшері және тапқан пайданың өлшеміне байланысты болады.

Молодежная кен орны үшін ұтымды қазу жүйесін таңдау. Алдын-ала қазу таңдау кен орнының жертанулық және тау-кен ерекшеліктерін ескеріп, осы ерекшеліктердің ең маңыздысына сүйене отырып, үнемі әрекет ететін тұрақты және айнымалы айғақтар негізінде бәсекелес жүйесін анықтаймыз.

Тікелей сұрыптау әдісін пайдаланып, кестеде көрсетілген тұрақты және айнымалы айғақтардың әсерін ескере отырып, жобалап отырған жағдайларға сәйкес бірнеше қазу жүйесін сұрыптаймыз. Қазу жүйесін таңдау үшін кеңістікті ұстау шарты қолданылған қазу жүйелерінің топтамасын қазуға негіз етіп аламыз. Жыныстардың қалай орналасқандығы, қанша көлемде пайдалы қазба бар екендігі, құлау биіктігі және де кеніштің қуаттылығы. Кеніш жазық жерде орналасқан, оның жылдық қуаттылығы 0,7-3млн тонна көлемінде болмақ. Жыныс құлау биіктігі 17 °С құрайды. Кендік аймақтың ұзындығы 24 км, ені 8 км. Кен өндіру екіге бөлінген: ашықпен орындары 350 м-ге дейін, жер асты 1500м-ге дейін. Жер құрамы 96 % хром. Қарапайым құрылымы (жилы, линзалар), ірі кесекті (300 мм жоғары). Күрделі геологиялық құрам. Жоғары химиялық құрам, майда кесекті (300 мм төмен). Кеніште пайдалы қазбаны жабық әдіспен, яғни жерасты жұмыстары арқылы алу әдісімен жүргізіледі. «Молодежная» шахтасында 3 оқпан орналасқан. Оқпандардың атқаратын жұмыстары: 1 оқпан көтерім қондырғысының қызметін атқарады. Мұнда скип орналасқан. 2 оқпан желдетпе және сутөкпе жұмыстарына арналған. 3 оқпан қосымша шығу жолы болып жұмыс жасайды. Жер астында жұмыс жасау барысында ешқандай қиындық тудырмайды. Себебі мұнда қосымша бекітке жұмыстары көп жасала бермейді. Жер қыртысы қатты болғандықтан участкаларды бекітпе жұмыстарынсыз биіктігі 4 метрге дейін оңай қаза береді. Ені 8 метрді құрайды. Қазба жұмыстарына бұрғылау машиналары тиіп-тасымалдау машиналары қолданылады. Кеніште 3 горизонт жұмыс жасайды. Олардың арақашықтығы 80 метрді құрайды .

1.2 Шахталық сутөкпе қондырғы


Шахталық суларды сору үшін су ағызатын қондырғылар қолданылады. Олар мақсатына байланысты орталық, басты және қосалқы (учаскелік) болып бөлінеді. Орталық сутөкпе қондырғысы бірнеше шахтада суды соруға арналған. Басты сутөкпе қондырғысы барлық шахтаның немесе кеніштің су ағынының бетіне тікелей беру үшін қосалқы сутөкпе қондырғысы шахтаның төменгі қабатынан жоғарғы қабатқа суды сорып алу үшін және шахтаның жекелеген учаскелерінен басты сутөкпе тұндырғыштың су жинағышына суды айдау үшін және т.б. жағдайларда қолданылады. Барлық көрсетілен қондырғылар суды су жинағыштардан сорады да стационарлық болып табылады. Шахталық сутөкпені орнату схемасы 1.1-сурете көрсетілген.



1 – вакууметр, 2 – манометр, 3 – айдау құбыры, 4,5 – вентилі бар түтік,
6 – сорғы, 7 – сорғыш құбыр, 8 – қабылдау торы

1.1 Сурет – Сутөкпені орнату схемасы

Суды сору схемасы бойынша суды жер бетіне ағызу тік болып келеді. Басты су жинағыштан суды сору бірден жер бетіне жүргізіледі және төменгі горизонттардан оқпандар арқылы су жоғары жатқан горизонттардың аралық су жинағыштарына және содан кейін жер бетіне айдалады (2 сурет).



а – тік горизонтальды шығару, б – тік бірнеше шығару, в – насосы камерамен сатылы шығару

1.2 Сурет – Сутөкпенің технологиялық схемасы

Шахталық су жинағыштар мен сорғы камералары пайдалы қазбалар табанының гипсометриясын, тау жыныстарының құрамын, ашу сызбаларын және басқа да тау-кен-геологиялық және тау-кен техникалық жағдайларды ескере отырып орналастырылады. Сутөкпе қондырғылары бар сорғы камерасы су жинағыштың жанында орналастырылып, онымен қазбалармен қосылады. Су $50 \text{ м}^3/\text{сағ}$ артық құйылғанда басты сутөкпе қондырғысы 3 бірдей сорғыштан (жұмыс, резервтік және жөндеудегі) тұрады. Олардың әрқайсысы тәуліктік қалыпты ағынның 20 сағаты ішінде соруға есептеледі. $100 \text{ м}^3/\text{сағ}$ дейін су құйған кезде сорғыштардың әрқайсысының сорғыш құбыры бір жалпы су жинағыш құдыққа, ал $100 \text{ м}^3/\text{сағ}$ артық құйған кезде жеке құдықтарға түсіріледі. Шахталарда басты сутөкпе үшін суда механикалық қоспалардың (бөлшектер $0,1-0,2 \text{ мм}$ дейін) $0,1-0,2 \%$ -ға дейін болуына жол беретін көлденең орындалған орталықтан тепкіш көп сатылы секциялық сорғылар қолданылады [2].

2 Есептік бөлім

2.1 Сорғыларды есептеу және таңдау

Насостардың түрін таңдау кезіндегі негізгі ережелер ПБ сәйкес шахтаның басты сутөкпе қондырғысы кемінде үш бірдей сорғыштармен жабдықталуы тиіс. Олардың әрқайсысының қалыпты су ағынын тәулігіне 16 сағаттан асырмай сороды қамтамасыз етуі тиіс. Қондырғыны пайдалану процесінде көрсетілген уақытты 20 сағатқа дейін ұлғайтуға жол беріледі. Үлкен құймалар кезінде, бір сорғы 16 сағат ішінде қалыпты тәуліктік ағынды сора алмаған жағдайда, қондырғының үштен артық сорғысы болуы тиіс. Бұл жағдайда қалыпты ағынды сору кезінде сорғылардың 100 % резерві және жөндеудегі сорғылардың 25 % кем емес резерві қамтамасыз етілуі тиіс.

Жобаланатын кеніш үшін концентрациялық горизонтта орналасқан басты сутөкпе қондырғысының су жинағышына су түсетін сутөкпе сұлбасын таңдаймыз. Қысымды қамтамасыз ететін және автоматтандыруды жеңілдететін сорғы камерасын қабылдаймыз. Сорғы тәуліктік қалыпты суды 20 сағаттан артық емес сорып алу керек.

Сорғының шамамен өнімділігі:

$$Q = 24Q_n/20 = 24 \cdot 1440/20 = 1728 \text{ м}^3/\text{сағ},$$

мұндағы Q_n – қалыпты су ағыны.

Желіде жұмыс істегенде монометрлік ағын геодезиялық биіктік H_r сыртқы желідегі ағын жоғалысы H_k -ның қосылысына тең болуға тиісті.

Манометриялық ағын:

$$H_m = H_r + H_k = 733 + 36,7 = 769,7 \text{ м},$$

мұндағы H_r – геодезиялық биіктігі, м;

H_k – қысым камерасының биіктігі, м.

Геодезиялық биіктігі:

$$H_r = H_{ш} + h_{bc} + h_{пр} + h_{заг} = 720 + 5 + 2 + 6 = 733 \text{ м},$$

мұндағы $H_{ш}$ – сорғы камерасына шахтаның тереңдігі, м;

h_{bc} – сору биіктігі, м;

$h_{пр}$ – сорғы камерасының асып кетуі, м.

$$H_k = 0,05 \cdot 733 = 36,7 \text{ м}.$$

Шахталық сутөкпе жағдайында, үлкен геодезиялық биіктік (H_r) салдарынан, ағын жоғалыстары H_r -ның 5-15 %-нан аспауға тиісті. H_r -ның 5 %-ті аз арын жоғалысында қажет емес. Себебі бұл ретте құбырлар диаметрі

едәуір өседі. Одан ең төменгі қажет өнімділікте насос тудыруға тиісті болжама арын келесі шекте жатады:

$$H_r/0,85 > H > H_r/0,95.$$

Сорғы қажетті ең төмен өнімділігі (Q_{\min}) және болжамды манометрлік арынын (H) біле отырып, өзіндік сипаттамалар бойынша насос таңдалады. Олардың жұмыстық кестелері барынша есептік мәндерге жақын жатуға тиісті. Бұл ретте келесі шарт орындалуға тиісті.

Насостың тұрақты жұмыс үшін:

$$H_r \leq (0,90-0,95) H_0 i,$$

мұндағы H_0 – насостардың жабық задвижкадағы тудыратын арыны, м;
 i – қажетті жұмыстық дөңгелек саны.

Шахталық сутөкпе үшін аса кен қолданылатын насостар – ортадан тепкіш көп секциялы, спиральды, жазық жиналған ЦНС, ЦН, МД,НД-тектестер.

2.1 кесте – ЦНС300÷700 техникалық сипаттамасы

Сорғы түрі	ЦНС 300-700	
Өнімділігі, м ³ /сағ	300	
Ағыны, м	700	
Айналу жиілігі, айн/мин	2950	
Сорғының ПӘК-і	0,74	
Қуаты, кВт	800	
+ 25 °С температура кезіндегі рұқсат етілетін вакуумметриялық сору биіктігі, м.су бағанасы	-2,0	
Сипаттаманың шектік жұмыстық бөлігіндегі сорғы өнімділігі, м ³ /сағ	220-380	
Жұмыстық дөңгелектер санына байланысты өлшемдер	L	2293
	ℓ1	943
	ℓ2	946
Масса, кг	2053	

2.2 Сорғы камералары мен су жинағыштардың орналасуы

Басты сутөкпе қондырғысының сорғы камералары мен су жинағыштары кеніш ауласында орналасады. Су жинағыштың көлемі төрт сағаттық қалыпты су жинағыштың орналасу жағдайларынан анықталады:

$$V_{cy} = 4 \cdot Q_n = 4 \cdot 1728 = 6912 \text{ м}^3.$$

Кірістің әр тармағының ұзындығы:

$$L = V_{cy}/(2 \cdot S) = 6912/(2 \cdot 18) = 192 \text{ м,}$$

мұндағы S – қабылданған су бұру бөлімі, м^2 .

2.3 Құбырдың диаметрін анықтау

Су ағызатын құбырдың ішкі диаметрі:

$$d_{\text{п}} = \sqrt{\frac{4 \cdot Q_{\text{н}}}{\pi \cdot V_{\text{м}}}} = \sqrt{\frac{4 \cdot 1728}{3,14 \cdot 3,5}} = 0,25 \text{ мм,}$$

мұндағы $V_{\text{м}}$ – құбырдағы судың жылдамдығы, м/с .

Құбыр қабырғасының қалыңдығы:

$$S = 0,5 \cdot d \cdot \left(\sqrt{\frac{Q_Z \cdot 0,4 \cdot P}{Q_Z \cdot 1,3 \cdot P}} - 1 \right) + a = 0,5 \cdot 35 \cdot \left(\sqrt{\frac{130 \cdot 0,4 \cdot 8,063}{130 \cdot 1,3 \cdot 8,063}} - 1 \right) + 0,2 = 10 \text{ мм,}$$

мұндағы d – құбырдың ішкі диаметрі, см ;

Q_Z – үзуге арналған құбыр материалының рұқсат етілетін кернеуі, МПа ;

P – көлденең қимада су қысымы, МПа .

$$P = (0,011 - 0,0115) \cdot H_{\text{г}} = 0,011 \cdot 733 = 8,063 \text{ МПа,}$$

мұндағы a - коррозияға арналған құбыр қабырғаларының қалыңдығының ұлғаюы.

Стандарттан құбырды таңдау:

- ішкі диаметрі – 305 мм;
- қабырғасының қалыңдығы – 10 мм;
- 1 метрлік құбырдың салмағы – 77,68 кг;
- болат бағаны – 5 ст.

2.4 Сорғы қондырғысының жұмыс нүктесін желіге анықтау

Сорғы қондырғысының жұмыс режимі сорғы сипаттамасының және желі сипаттамасының қиылысу нүктесімен анықталады.

Желі сипаттамасы:

$$H_{\text{гп}} = H_{\text{г}} + R_{\text{г}} \cdot Q^2 = 733 + 0,000123 \cdot 1728^2 = 1100 \text{ м,}$$

мұндағы R_T – құбыр константасы.

Тұрақты құбыр:

$$R_T = H - H_T / Q^2 = 769,7 - 733 / 1728^2 = 0,000123.$$

Құбырдың ұзындығы:

$$L = l_1 + l_2 + l_3 + l_4 = 25 + 20 + 720 + 20 = 785 \text{ м},$$

мұндағы l_1 – ең ұзын сорғылардан бастап құбырларға дейінгі құбыр ұзындығы жаяу жүру, м;

l_2 – құбыр ұзындығының ұзындығы, м;

l_3 – магистраль бойымен құбыр ұзындығы, м;

l_4 – егістікке дейінгі судың ұзындығы, м.

2.5 Сорғылық қондырғының жұмыстық сипаттамасын анықтау

Сорғылық қондырғының жұмыс кестесі (беріліс, арын, ПӘК), насос сипаттамасының желі сипаттамасымен қиылысу нүктесімен анықталады. Бұл сұрақ графоаналитикалық әдіспен шешіледі. Желі сипаттамасын тұрғызуға қажет берілгендерді есептеу келесі ретте атқарылады.

Сыртқы желі сипаттамасы мына теңдеумен суреттеледі:


$$H_c = H_T + R_T Q^2 = 733 + 0,000123 \cdot 1728^2 = 734 \text{ м},$$

мұндағы H_c – желі сипаттамасы;

H_T – геодезиялық биіктік, м;

R_T – құбыр тұрақтысы, $\text{сағ}^2/\text{м}^5$;

Q – сорғы өнімділігі, $\text{м}^3/\text{сағ}$.



2.1 Сурет – ЦНС 300-700÷1000 сорғының сипаттамалық қисықтары

2.6 Сүтөкпе қондырғысының электр жетегі

Жетекке арналған электр қозғалтқышты "сорғы-құбыр" жүйесінде сорғы агрегатының жұмыс шарттарымен анықталған сорғының ең жоғары қуаты бойынша мына формула бойынша таңдаймыз

$$N_{дв} = K \cdot \frac{P \cdot g \cdot Q_p \cdot H_p}{1000 \cdot 3600 \cdot \eta_p} = 1,1 \cdot \frac{735 \cdot 9,81 \cdot 560 \cdot 733}{1000 \cdot 3600 \cdot 0,74} = 1222 \text{ кВт},$$

мұндағы K – қозғалтқыш қуатының қор коэффициенті ($100\text{м}^3/\text{сағ-қа}$ дейін, $K = 1,1-1,15$).


$N_{дв}$ – нің есептік мәні бойынша каталогтағы жақын қозғалтқыш таңдалады. Бұл ретте мына шарттар орындалуы тиіс:

а) қозғалтқыштың айналу жиілігі, сорғының айналу жиілігімен сәйкес келуге тиісті;

б) қозғалтқыштың орындалуы, шахтаның тау-кен техникалық жағдайына сәйкес келуге тиісті.

2.2 кесте – Электр қозғалтқышының техникалық сипаттамалары 2АЗМП1-1250/6000

Параметрі	Шамасы
Қуаты, кВт	1000
Кернеуі, В	6000
Айналу жиілігі, мин-1	3000



2.2 Сурет – Электрқозғалтқыштың жалпы түрі 2АЗМП1-1250/6000

Электр энергиясының шығынын анықтау үшін, насосық қондырғының тәуліктегі нақтылы жұмыс істеген сағаттар санын білу керек. Оны қалыпты су жиналымында келесі формуламен анықтауға болады:

$$t_k = (Q_n \cdot 24) / Q_{max} = (1440 \cdot 24) / 1728 = 20 \text{ сағ},$$

мұндағы Q_n – қалыпты сағаттық ағын, м^3 ,

Q_{\max} – сағаттық ағынның артуы, м³.

Жылдық энергия тұтыну:

$$E = N_{\text{дв}}/\eta_{\text{дв}} \cdot \eta_{\text{с}} \cdot (n_1 \cdot t_{\text{п}} + n_2 \cdot t_{\text{дв}}) = 1222/0,88 \cdot 0,97 \cdot (300 \cdot 16,2 + 65 \cdot 20) = 8732638 \text{ кВт сағ/жыл},$$

мұндағы $\eta_{\text{дв}}$ – қабылданған қозғалтқыш ПӘК-і;

$\eta_{\text{с}}$ – сырттық желі ПӘК-і;

n_1 – қалыпты су ағыны бар жылдағы күндер саны;

n_2 – судың келуін арттыру арқылы жылына судың саны.

3 Эксплуатациялық бөлім

3.1 Сорғы камерасы

Эксплуатация бөлімінде сорғыларға уақытылы ағымдық жөндеуден және күрделі жөндеуден өткізіп тұру мәселерін қарастырамыз. Сорғы камералары мен су жинағыштардың орналасқан орны және оның құрылғысы. Басты сутөкпе қондырғылардың су жинағыштары мен сорап камералары ұңғы жанындағы кеніштік албарында орналасады. Су жинағыштар шахталық су жиналатын және бетіне тартылып шығарылатын су қоймасының рөлін атқарады. Сондай-ақ су жинағыштар тұндырғыштың рөлін атқарады. Қышқыл суларды тартып шығарған кезде су жинағыштарды суды бейтараптандыру үшін қолданады. Тазалауды ыңғайлау үшін шахталық су жинағыштарды екі ажыратқыш секциядан қояды. Көп таралған су жинағыштар жазық тау қазбаларды қамтиды. Мұндай құрылымда шөгінділердің әсерінен су жинағыштың нақты қимасы кішірейеді. Қайта жобаланатын шахталар үшін су жинағыштарды арнайы тұндырғыштар немесе құм ұстағыштарда алдын ала суды тұндырумен қарастыру керек. Үлкен жиылым кезінде су жинағыштың көлемі кең болған жағдайда 3÷4 сағаттық жиылымды қабылдай отыра санауға болады. Көлденең қимасының ауданы берілген шахтаның бір жолды қазбасының тең алаңы деп қабылдайды. Сорғы камерасы әдетте оқпан маңайлық албарда орналасады, жергілікті шартқа байланысты ол су жинағыштағы судың деңгейінен жоғары немесе төмен орналасуы мүмкін. Ол сорғы камерасының еден деңгейінен 7 м төмен емес биіктікте оқпанға шығарылатын 25-30° көлбеу жүріспен, герметикалық жабылатын бір жүрістен кем емес оқпан жанындағы алаңмен қосылуы тиіс. Көлбеу жүріс бойынша оқпанға құбырлар шығарылады, сондай-ақ камера байланысы бату кезіндегі бетпен жүзеге асырылады.

Соңғы уақытта су жинағыштағы су деңгейінен төмен орналасқан тереңдетілген үлгідегі сорғы камералары кең таратылды. Мұндай орналасу автоматтандыруды кеңінен қолдануға және жоғары айналымды сорғылар (3000 айн/мин және одан көп) құрылым қолдануға мүмкіндік береді. Тереңдету шамасы су тіреуі 1,5÷2,0 м болатындай етіп қабылданады. Сорғы камераларының өлшемдері сорғылар, қозғалтқыштар мен аппаратуралар габариттерімен анықталады. Басты сутөкпе қондырғы камераларында жабдықты тасымалдау үшін рельстік жол қарастырылады, сондықтан камера ені шахтада қабылданған табан еніне байланысты. Сорғы камерасының биіктігі сорап пен камерадағы көтергіш жабдықтың габаритіне байланысты. Сорғыларды диаметрі 300 мм-ге дейінгі жұмыс дөңгелегімен қондыру кезінде камералар 3,2 м биіктікке ие болады, ал диаметрі 300 мм-ден үлкен жұмыс дөңгелегі кезінде 4,5÷4,7 м биіктікке ие болады.[8]

3.2 Сорғылардың қызмет көрсетуі

Сорғылардың техникалық қызмет көрсетуін (ТҚ) жұмыстың 700÷750 сағат мерзімділігімен өткізу керек.

ТҚ келесі жұмыстар кіреді:

а) мойынтіректерді тексеру және қажетті болса оларды ауыстыру (қажеттілік кезде оларды ауыстыру немесе қайта құю);

б) картерді тазалау және жуу;

с) майды ауыстыру;

д) май сымдарын жуу;

е) тығыздама мен қорғауыш гильзаларды тексеру (қажетті болса оларды ауыстыру);

ф) муфта мен мойынтірек қақпақтарының нығыздалуын тексеру;

г) гидроқорғауыш жүйесінің құбыр сымдарын жуу және үрлеу;

h) сорғының орталығын және оның іргетастағы бекітілу сапасын тексеру.

Сорғылардың ағынды жөндеуі жұмыстың әрбір 4300÷4500 сағаты сайын жүргізіледі және келесі операцияларды орындайды:

1) бөлшектеу;

2) тексеру;

3) ротордың тұрқыда соғылуын тексеру;

4) нығыздаудағы саңылауларды тексеру;

5) білік мойынын конустық пен эллипстікке тексеру (қажетті болса ол тесіледі және тегістеледі);

б) көзбен тексеру кезінде байқалған сораптың барлық тетіктері мен тораптарының ақауларын жою;

7) домалауда мойынтіректерді ауыстыру;

8) ақау көргіштік көмегімен тұрқы жағдайын тексеру.

Күрделі жөндеу қажеттілік шамасы бойынша жүргізіледі (әдетте жұмыстың 25000÷26000 сағат сайын) және келесілер кіреді:

1) ТҚ мен АЖ толық көлемі;

2) барлық тораптар мен тетіктерді мұқият тексеру;

3) қажеттілік кезінде жұмыс дөңгелектерін, біліктерін, тұрқының нығыздауыш сақиналарын, грандбукс, керме төлкелерін, тығыздаманың қыспа төлкелерін ауыстыру;

4) сорғы тұрқысын іргетастан шешу, тұрқыдағы қою орындарын балқыма қаптау және қашап тегістеу;

5) секциялық сораптар үшін жеке секцияларды ауыстыру;

6) 0,5 МПа-дан асатын шамадан тыс қысымы кезінде сораптың гидравликалық сынау.[8]

Көптеген тұтынушылар арасында сорғы жабдығына техникалық қызмет көрсету мен жөндеу керек емес деген пікір тараған. Негізі олай емес. Сорғыларға, яғни кез келген басқа техникалық күрделі бұйымдарға мерзімдік техникалық қызмет көрсету жүргізу керек.. Техникалық қызмет көрсету жүргізу қажет мерзімділігі көптеген факторларға тәуелді. Олардың ішінде

қолдану қарқындылығы, айдалатын сұйықтықтың түрі және оның сипаттамалары (тұтқырлық, қаттылық, температура, абразивті бөлшектердің болуы және т.б.), келтірілетін кедергілердің сипаты, монтаж шарты, пайдалану шарты. Бұл тізімді сақаудың шарты мен ұзақтылығымен және қоршаған ортаның жағдайымен толтыруға болады. Сорғы жұмысының жағдайы ауыр болағн сайын техникалық қызмет көрсету жүргізу арасындағы уақыт аралығы аз болады. Уақытылы техникалық қызмет көрсету, қажеттілік кезде өз ресурстарын орындаған тетіктерді жөндеу және ауыстыру сорғылық жабдыққа қызметінің ұзақ мерзімін қамтамасыз етеді және оның алдын ала істен шығуын алдын алу.

3.3 Ортадан тепкіш сорғыны дұрыс пайдалану

Ортадан тепкіш сорғының пайдалану мерзімін едәуір ұзарту және осындай жабдықты жиі жөндеу үшін бұл құрылғыны дұрыс пайдалану керек. Ортадан тепкіш сорғыны пайдалану бойынша нұсқаулық келесі ережелерді сақтауды көздейді:

а) ортадан тепкіш сорғыны қосар алдында жұмыс камерасының сұйықтықпен толық толтырылуын тексеріңіз;

б) сорғыш келте құбырдың алдында торлы сүзгі орнату қажет, ол құрылғының ішкі бөлігін сорылатын сұйық ортада болатын қатты ерімейтін қосындылардың түсуінен қорғайды;

с) жетекті қозғалтқышты шамадан тыс жүктемелерден қорғау сору құбырына орнатылатын арнайы ысырмамен қамтамасыз етіледі, ол сорғыға келіп түсетін сұйықтықтың ағынын шектейді;

д) сорғыны іске қосу кезінде жетекті электр қозғалтқышының білігі мен канатшаның сағат тілі бойынша айналуын бақылау қажет;

е) сұйық ортаны сору жүзеге асырылатын резервуардың тереңдігі техникалық паспортта көрсетілген рұқсат етілген деңгейден аспауы тиіс;

ф) сұйық қоймадан сұйық ортаны сору жүзеге асырылатын құбырдың майысулар мен қосу орындары мүмкіндігінше аз болуы тиіс, ал оның ішкі диаметрі барынша мүмкін болуы тиіс;

г) сорғыдан сұйық орта көлденең жазықтықта тасымалданатын құбырды сұйықтықты беру орнына қарай еңістікпен орналастыру қажет. егер осы талапты орындау мүмкін болмаса, онда сорғыны жер бетіне қатысты мүмкіндігінше жоғары орнату керек.

3.4 Бұзылудың ең көп таралған себептері

Бірінші, егер сорғы жабдығының жұмысында ақаулар байқалса, оны пайдалануды тоқтату және барлық тораптарды мұқият тексеруге кірісу қажет. Сорғы жабдықтарына техникалық қызмет көрсету немесе тіпті жөндеу талап етілетін жеткілікті кең таралған жағдай сальниктердің тозуы болып

табылады. Сорғы жабдығының сальникті элементтерінің тозу процесінің белсенді өтуіне бірқатар себептер себеп болуы мүмкін:

а) жетекті электр қозғалтқышы білігінің біркелкі емес айналуы және соғылуы;

б) сорғы қақпағы бекітілетін болттардың тым күшті тартылуы (ең жақсы сальниктер жеткілікті ылғалданған жағдайда тығыздау тапсырмасын орындайды);

с) жетек электр қозғалтқышының қызып кетуі;

д) орталықтан тепкіш сорғыға дұрыс емес техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу (барлық тығыздағыш сақиналарды ауыстыру және т.б.).

3.1 кесте – Ақаулар және ақаулықтың себептері

Ақаулар	Ақаулықтың себептері
Сорғы іске қосылғаннан кейін жұмысқа алмаған су	Сорғыны құю жеткілікті түрде мұқият жүргізілмеген; қажетті арын есептеуден жоғары; сорудың шамадан тыс биіктігі; соратын тығыздаманың гидравликалық тығыздамасын түтігін бітеу және ол арқылы ауаны сору
Жұмыс барысында сорғыны беру азаяды	Электр желісіндегі кернеудің құлауынан сорғы агрегаттарың айналымдарының санын азайту; ауа тығыздамалар арқылы сорғы корпусына сору; сорғының сору биіктігін арттыру; сорғының жұмыс дөңгелегінің бітелуі; қысымды құбырдың кедергісін арттыру; механикалық зақымдану; тығыздағыш сақиналардың тозуы
Сорғы қозғалтқышын қайта тиеу	Сорғыны дұрыс құрастыру; сорғының немесе қозғалтқыштың механикалық зақымдануы; электр желісінде кернеудің артуы; желідегі қажетті арын есептеуден аз
Жұмыс кезінде сорғы дірілдейді, шу естіледі	Агрегаттың ортаға дәл келтірудің бұзылуы; агрегаттың рамаға бекіту бұрандамаларының бұзылуы; біліктің майысуы; айналмалы бөліктердің шөгуге; мойынтіректің тозуы; сорғы құбыры бекіткіштерінің әлсіреуі.

3.5 Ортадан тепкіш сорғыларды жөндеу

